

Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясының пилоттық жоба бойынша есебі

Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы кәсіби бағдар беру және оқушылардың болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына көмектесу мақсатында пилоттық жобаны іске асырды. Жоба аясында әртүрлі іс-шаралар, зерттеулер және серіктестік жұмыстар жүргізілді. Бұл жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасап, еңбек нарығындағы сұраныстарға сай бағыт беру.

Жобаның мақсаттары мен міндеттері

Мақсат:

Оқушылардың кәсіби бағдарын анықтауға көмектесу, олардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауы үшін қажетті ақпарат беру және қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сай кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасау.
2. Жоғары оқу орындары және колледждермен серіктестік орнату арқылы кәсіби ақпарат ұсыну.
3. Мектеп психологтары мен педагогтары арқылы кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру.
4. Оқушылар мен ата-аналарға мамандық таңдау бойынша кеңес беру.

Атқарылған іс-шаралар

1. Сауалнамалар мен зерттеулер:

- Қыркүйек-қараша айлары аралығында 5-11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын анықтау және олардың қажеттіліктерін талдау.
- 5, 7 және 8 сынып оқушыларынан алынған сауалнамаға 59% қатысқан, оның ішінде 76 оқушы үйірмеге қатысатынын, ал 47 оқушы ешқандай қосымша шараларға қатыспайтынын көрсеткен.

2. Ашық есік күндері мен форумдар:

- «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», ІТ университет және басқа да серіктес оқу орындарының ұйымдастыруымен ашық есік күндері өткізілді.
- «Жаңа Қазақстанның дарынды жастары» атты форумға оқушылар қатысып, өздерінің болашақ мамандықтары туралы толық мәлімет алды.

3. Шығармашылық байқаулар:

- «Менің сүйікті мамандығым» атты сурет байқауы 5-7 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Байқауға 105 оқушы қатысып, үздік жұмыстар марапатталды.
- «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе байқауы өтті, оған 73 оқушы қатысып, олардың шығармашылық қабілеттері бағаланды.

4. Колледждерге экскурсиялар:

- 9-сынып оқушылары үшін қаладағы бірнеше колледжде экскурсия ұйымдастырылды. Бұл шара барысында оқушылар зауыттар мен кәсіпорындардың жұмысымен танысып, мамандық таңдау бойынша ақпарат алды.

5. Мектепаралық пікірсайыс:

- Желтоқсан айында «Мамандық таңдау мектеп қабырғасынан басталады» атты пікірсайыс өткізілді. Оған 6 команда қатысып, үздік қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.

6. "Астана дарыны" орталығының Халықаралық жастар форумы:

Астана қаласында "Астана дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырған 1-ші Халықаралық жастар форумына мектебіміздің дарынды оқушылары мұғалімдерінің жетекшілігімен белсене қатысты. Форум барысында оқушылар өз білімдері мен қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Форум қорытындысы бойынша мектебіміздің оқушылары 1-ші, 2-ші және 3-ші жүлделі орындарға ие болып, арнайы марапаттарға ие болды. Бұл жетістік біздің мектеп үшін үлкен мақтаныш және оқушыларымыздың әлеуетін көрсететін маңызды оқиға болып табылады.

Нәтижелер

1. Оқушылардың кәсіби қызығушылықтары анықталып, бағыт-бағдар берілді.
2. Бірнеше оқушы болашақ мамандығын нақтылап, өздерінің мақсаттарын айқындады.
3. Жобаның арқасында шығармашылық және зерттеушілік дағдылары дамыды.
4. Жоғары оқу орындары және колледждермен тұрақты серіктестік байланыстар орнатылды.

Қоытынды

Пилоттық жобаның және Халықаралық жастар форумына қатысудың нәтижелері оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда саналы шешім қабылдауына мүмкіндік берді. Бұл жетістіктер мектеп ұжымының оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған жұмысының жемісі болып табылады. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру және жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

